

ӨЗЕН

Құрметті спринтестер!



Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. «Басы аманның-малы түгел» демекші, ең бастысы денсаулықтарыңыз мықты, отбастарыңыз аман болып, жақын жандарыңыз жадырап жандарыңызда жүрсін.

Өтіп бара жатқан тышқан жылы адамзат үшін күрделі кезең болғаны рас. Пандемияға байланысты, нарықта мұнай бағасы төмендеп, құбылып тұрды. Әйтсе де, біздің үлкен еңбек ұжымы қиын кезеңде ынтымақта еңбек етіп, ортақ мәселелерді бірлесе шештік. Жаңа жобаларды жүзеге асыруға жігерлі қадамдар жасадық. Ауызбірлік, сабыр, түсіністіктің арқасында бұл ауыртпалық та артта қалды.

Ортақ мақсат жолындағы жігерлі еңбектеріміз алдағы уақытта да мұнай өнеркәсібінің дамуына мол септігін тигізетініне сенімім мол. Тышқан жылы жеткен жетістіктеріміз, өндірістеріміз іргелі істеріміз, жаңа жылда

да жемісті жалғасын таба берсін!

Сиыр жылы мерейлі, ырыс-берекеге толы болсын! Қойнауы құтты дархан даламыз, ынтымағы жарасқан еліміз аман болсын. Жаңа жыл құтты болсын, қымбатты мұнайшылар!

Құрметпен, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Есен Өтеев



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ



Компания қызметкерлерінің өз міндеттеріне салғырт қарауын болдырмау мақсатында Қауіпсіздік қызметінің «сенім телефоны» жұмыс істейтінін хабарлайды. Қызметкерлер сенім телефонына жұмыс бабында орын алған құқық бұзушылық немесе келеңсіз жағдайдың алдын алу, қитұрқы әрекетті болдырмауға ықпал ететін өзге де маңызды ақпаратты хабарлай алатындығын қаперіңізге береміз.

Хабарлаушы азамат есімінің құпия сақталуына кепілдік беріледі.

Қауіпсіздік қызметінің сенім телефоны:

+7(72934)65-1-54

Электронды поштасы: doverie@umg.kmqr.kz

А Ң Д А Т П А

Мұнайшылар марапатталды **2**

Өндірісте өткен өнегелі өмір **3**

“Өзенэнергомұнай”
басқармасына –40 жыл. **4-5**



БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ



Өкініш туралы 1 ауыз сөз

Орыста Антон Чехов деген жазушы болған...45 жасында қайтыс болды. Біздің Табылды Досымовтың жасы. Жә, мәселе онда емес. Бұл қазір маңызды да емес.

Сонымен жақында мен осы Антон Чеховтың шағын әңгімесін оқыдым. Әңгіменің сюжеті қарапайым. Теңіз жағасында керемет үйде дворян ерлі-зайыптылар өмір сүріп жатады. Бәрі бар...Бәрі жеткілікті...Саусақ қимылдатудың қажеті шамалы. Ақша пішен деуге болады. Үй қызметшілері өз алдында...Енді не болды дейсіз ғой?!

Бұл дүниеде қатын жанын түсіну мүмкін бе?! Бұрынғыдай ашық-жарқын сөйлесу тыйылды. Арада күзгі суықтай салқындық пайда болды. Кербез қатынның қабағының ашылу да сирек. Қолына қолшатырын ұстап алып, ойланады да жүреді.

Сылқым келіншек шынын айтқанда жанына не керек екенін өзі де түсінбеген еді. Күйеуіне қарайды да күрсінеді. Ол болса бұның көңлін тапқысы-ақ келіп тырысып-ақ жүр. Тіпті алыс-жақыннан сыйлық алдыртып әуре. Сүйіктісі не істесе де сұлудың көңліне жағар емес. Құлазыған көңлі ашылар емес. Әлденені аңсайды, сағынады, күтеді. Не керек екенін өзі де білмейді. Сүйіктісінің қолын сүйгені де тітіркендіретін сияқты...Бір сөзбен айтқанда үріп ішіп, шайқап төгіп отырған жан «бір қилы» күй кешіп, өрі-сәрі болып жүрді. Түйіндеп айтатын болсақ, «романтичная натура».

Адам темір емес қой. Бір күні жігіттің шыдамы таусылып, төзімі бітті. Таңертең ұйқыдан оянды да, таңғы ас ішуге де, сүйіктісінің қолынан сүюге де зауқы соқпады. Оны айтасыз, жуынып, киінуді де қажет деп таппады.

«Егер сені бұл жалғанда ешкім күйіп-жанып сүймесе, өмір сүрудің не қажеті бар»-деп ойлады жарына ес-түссіз ғашық болған қайран азамат...Қолын бір сілтеп, бәріне бір түкіріп, тулаған теңізге қарамастан, ескексіз қайыққа мінді де, қайырылмастан кете барды.

Байы мінген қайық нүктеге айналғанда ғана ерке келіншек өзінің не істегенін енді түсінгендей жалма-жан орнын атып тұрды да «кейін қайт, мен сені сүйемін!»-деп бар даусымен айқайлады. Қолшатыр жайына қалды. Не істерін білмей абдырап қалған ақымақ қатын осы сәтте байының жер бетіндегі ең жақын адам екенін білді. Ессіз сүйетінін түсінді. Онсыз бұл өмірде мен де сен де жоқ екендігін сезді. Бірақ бәрі кеш еді...

Байы суға батып кетті. Басына келіп қонған бақты көтере алмай, өз қолымен ұшырып жіберген сорлы қатын теңіз жағасында жападан жалғыз қалды...Міне, неткен өкініш...

Барымызды бағалайық! Байымыздың қадірін білейік. Жастық шақ өтпестей, бақ-дәулет кетпестей көрмейік! Азаматымызды сыйлайық, құрметтейік, сүйейік...

Артық сөз бен артық әрекетке барып Чехов кейіпкеріндей өкініп, бармақ тістеп қалмайық! Өмір өте қысқа! Ренжуге, ренжітуге уақыт жоқ. Біз бұл өмірге бақытты болу үшін келдік. Нүкте!

Мұнайшылар марапатталды

Бүгін Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай онлайн форматта ұйымдастырылған салтанатты жиналыста «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (бұдан әрі –Қоғам) басқарма төрағасы Алик Айдарбаев Қоғамға қарасты еншілес және тәуелді мекемелердің қызметкерлерін қасиетті мерекемен құттықтады.

«Рас, биылғы жыл оңайға соқпады. Өкінішке қарай, дүниежүзін жайлаған жұқпалы індет қазақ даласын да айналып өтпеді. Дегенмен, өткен жылдармен салыстырғанда «ҚазМұнайГаз» ҰК» бұл жолы сыртқы факторлардың жағымсыз әсеріне дайын болып шықты. Біз дәреуе дағдарысқа қарсы стратегия қабылдап, шығындарымызды қысқартуға кірістік. Бірақ біз ендірісте жүрген еңбек адамдарына басымдық беріп, олардың жұмыс орындарын сақтап отырмыз.

Сонымен қатар, жұмысшылардың еңбек жағдайларын жақсарту бойынша әрекет етудеміз. Мысалы, биыл Маңғыстау және Ақтөбе өңірлерінде әлеуметтік нысандардың құрылысына қаржы бөлінді», - деді Алик Серікұлы құттықтау сөзінде.

Қоғам басшысы бір топ қызметкерлерді ҚР ЭМ «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалі және Ескерткіш белгісімен, «ҚазМұнайГаз» ҰК» Құрмет грамотасымен марапаттап, сәттілік тіледі.



Салтанатты жиналыс барысында «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Есен Өтеев және Кәсіподақ төрағасы Наурыз Сақтағанов барлық мұнайшыларға құттықтауын жолдай отырып, кенорынды игеруге көп жылғы қосқан үлесін ескеріп, майталман мұнайшыларға «Өзенмұнайгаз» АҚ Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарын тапсырды.

Компания басшысы Тәуелсіздіктің нығаюына, экономикамыздың тұрақты дамуына мұнайшылардың қосқан үлесі зор екенін атап өтті. Қиынға қажымай, ендірістің өркендеуіне өз үлесін қосып жүрген өріптестеріне шексіз ризашылығын білдіре отырып, кездескен қиындықтардан шығуда барша мұнайшыларға үміт артатынын жеткізді.

Лайықтылар марапатталды



Қала әкімінің ұсынысымен, Жаңаөзен қалалық Мәслихатының 27-қараша, 2020-жылғы №51/563 шешімімен Ардагер-мұнайшылар Аманкелді Қылышбаев, Қарлығаш Қазиева, Бекболат Нұрлыбаевтарға «Жаңаөзен қаласының құрметті азаматы» атағы берілді.

Марапат-жылдар бойы өткен қажырлы еңбектің қайырының кепілі.«Ердің мұраты-елдің қамы» демекші, ел экономикасының дамуына өлшеусіз үлес қосып, тәуелсіз еліміздің дамуына өзіндік қолтаңбасын қалдырған бұл азаматтардың өмірі ескелең ұрпаққа үлгі-өнеге. Әр адам халқына осылай қызмет етсе, одан асқан қандай мәртебе болмақ?!

Ел үшін еңбек етіп, кішілік пен кісілікті ту етіп көтеріп келе жатқан абзал жандарға 100 жасаңыздар деген тілек айтамыз! Алдарыңыздан жарқын күндер, жақсы жылдар күтсін!





МЕРЕКЕЛІК ЛЕБІЗДЕР



АЙТҚАЛИ БӘШЕНОВ – бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары

– 2020-жылы адамзат баласы үшін оңайға соққан жоқ. Әлемдік дағдарыс біздің компанияны да айналып өтпеді. Әрбір тамшы мұнайды өндіру үшін көп күш қажет екенін, осы салада тер төгіп, аянбай еңбек етіп жүрген әрбір азамат жақсы біледі.

Күрделі кезеңге қарамастан 2020-жылы «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы қыруар шаруа атқарып, нақты істермен көзге көрінді. Қала құраушы кәсіпорын ретінде біздің компаниямыз қала инфрақұрылымын,

халықтың әл-ауқатын көтеріп, оқу-білім беру, денсаулық сақтау саласын дамытуға өлшеусіз үлес қосып келеді. Біз ірі мұнай өндіруші компания ретінде өзіміздің өңір алдындағы жауапкершілігімізді ешқашан ұмытқан емеспіз.

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы Жаңаөзен қаласындағы жалғыз қалақұраушы кәсіпорын болғандықтан мұнайшылар қаласының әлеуметтік-экономикалық деңгейінің өсуіне, қала тұрғындарының әлеуметтік ахуалының жақсаруына тікелей мүдделі.


Барша әріптестерімді келіп жеткен жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтай отырып, дендеріне саулық, отбастарына амандық, қызметтеріне табыс тілеймін. Жыл жақсылығымен, тоқшылығымен, молшылығымен келсін!

ӨСЕРБАЙ ТҰРСАБЕКОВ – бас директордың қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі орынбасары



– Біз үшін мұнай жоспарын орындау маңызды. Әйтсе де, еңбек адамының өмірі мен қауіпсіздігі бәрінен де маңыздырақ екеніне күмән жоқ. Компания еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігіне баса мән береді. Әрине, компанияның бұл бағыттағы жұмыстарын мінсіз деп айтуға әлі ерте. Әйтсе де «болмасаң да ұқсап бақ» деп хәкім Абай айтпақшы, техника қауіпсіздігін сақтау «ӨМГ» АҚ-ның күн тәртібінен түспей, басты назарында қала беретін болады.

Кешегі қиын кезеңде біздер көңілдің қымбат, өмірдің шалақ екенін түсіндік. Пандемия бізді қолда барымызды қадірлеп, бір-бірімізге мейірімді болуды үйретті. Сиыр жылы тек жақсылық пен табыс серігіміз болғай! Ел мен жер аман болсын! Жақсы күндеріміз көп болып, уайым-қайғымыз жоқ болсын!



Қауіпсіздік қызметкерлері марапатталды

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы акт залында қауіпсіздік қызметі басшылығы Тәуелсіздік күні мерекесіне орай теолог-мамандар Нұрболат Көптілеев, Нұрбол Сейітхановқа, сондай-ақ аталмыш қызметте аутсорсинг тәсілімен еңбек етіп жүрген бір топ қызметкерлерге бас директор Есен Өтеевтің атынан Алғыс хат тапсырылды.

Салтанатты шараға бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Айтқали Бешенов қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

«Қазақтың басындағы бағы-Тәуелсіздік. «Қиядан қыран ұшса, қияғы күйетін, құлан жортса, тұяғы тозатын» қиялда ғана болатын қиян өлкемізді ұрпағымызға аманаттау-біздің парызымыз. Қазақ елінің тәуелсіздігі баянды болсын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай!»-деді бас директор орынбасары.

«Қауіпсіздік қызметінде жемісті еңбек етіп, Өзен кенорнының дамуына орасан үлес қосып жүрген азаматтарды марапаттаудағы мақсатымыз-еңбекқор азаматтардың беделін көтеру, өнімді еңбек етуге ынталандыру болып табылады. Әр марапаттың астарында құрметтелсін, компания тарапынан лайықты бағасын алсын деген ізгілікті ниет жатыр»-деді қауіпсіздік қызметі жетекшісі Рахат Чүйішбаев.

Марапаттарыңыз құтты болсын, құрметті әріптестер!

Өндірісте өткен өнегелі өмір

Өзен кенорнында 1974-жылдан бері абыройлы еңбек етіп, құрмет демалысына шыққан Халел Нұрадынұлының шоқтығы қашан да биік. Қадірлі жан 1957-жылы 9-қыркүйек күні Ақшымырау аулында қарапайым жұмысшы отбасында дүниеге келді.

1979-1984 жылдары Алматы қаласындағы В.И. Ленин атындағы ҚазПТИ-де тау-кен инженері мамандығын алып шығады. Өзінің еңбек жолын мектеп қабырғасынан соң ПО «Манғышлакнефть» НГДУ «Узеннефть» басқармасында қатардағы жұмысшы болып бастайды. 1979-жылы жан жары Светокпен шаңырақ көтеріп, ұлықты ұл мен қылықты қыз тәрбиеледі.

Халел өндірістің әр түрлі саласында тынбай еңбек ете жүріп, басшылық пен әріптестер құрметіне ие болды. Ол №4 МГӨБ-те орталық инженерлік-технологиялық қызметінің жетекшісі болып ерен еңбек етіп жүрген еңбекқор азамат бүгінде еңбегінің жемісін көріп жатқан жайы бар.

Біз әріптесімізді өмірден тоқығаны мол, кең ойлап, қамқор қолын ұсынып жүретін аяулы азамат, білікті маман ретінде жақсы білеміз.

Адамзат баласының ғұмыры қысқа болғанымен, артында өнегелі істер қалдырып, белгілі бір саланы мықты меңгеріп, өзі өмірден өтсе де, еңбегі мен қызметі, айналасындағы адамдарға жасаған жақсылықтары мен жанына жақын тарта білетін жылылығы естен кетпейтін адамдар болады. Халел Бегалиев осындай адамдар қатарынан табылады.

Өзен кенорнының дамуы, өсіп-өркендеуі жолында аянбай тер төгіп, өнімді еңбек еткен әріптесімізге мықты денсаулық пен баянды ғұмыр тілейміз. Аман жүріңіз, абзал азамат!



РУХАНИ АЗЫҚ

Бенджамин Франклин ұстанымдары (1706-1790)

Ол еңбекқорлығының арқасында бірнеше салада жетістікке жетіп, өзінің атын әлем тарихына ойып тұрып жазған адам.

1. Қатты тойып тамақ жемеу, көп ішпеу, үндемеу.
2. Бос еңгімеден бойды аулақ ұстау.
3. Тәртіпке бағыну.
4. Әр заттың өз орны, әр істің өз уақыты болады.
5. Бекер мал шашпау.
6. Еңбекқорлықты серік ету. Пайдалы іспен шұғылданы. Қажетсіз әрекеттен қашу.

Ойлақтай ой

Құс қанша биік ұшса да табатын ризығы жерде. Адам қанша төкаппар болса да баратын жері көр. Торғай тірісінде құмырсқаларды жейді. Ал, өлгеннен соң, құмырсқалар оны жейді. Бір түп ағаштан миллиондаған сіріңке жасалады. Ал, миллиондаған түп ағаштарды өртеуге бір тал сіріңке жетіп жатыр. Жағдайлар кез келген уақытта өзгеруі мүмкін. Сондықтан бұл өмірде ешкімге көлеңкеңді түсіруші болма. Бәлкім сен бүгін мықты шығарсың, бірақ уақыт сенен де мықты.



ӨЗЕНЭНЕРГОМҰНАЙ”



Еңбек ардагері Мәткерім Жантілеуов



Еңбек ардагері
Қуанышбай Әбенев



Еңбек ардагері Зорбай Бердиев

1964-жылы Өзен мұнайын игеру мақсатында Мұнай газ өндіру басқармасы құрылды. Сол мекеменің құрамында электр қондырғыларының кідіріссіз жұмыс жасауын қамтамасыз ететін цех ашылып, цех бастығы болып Тілектес Жұмаев тағайындалды. МГӨБ-тің бас энергетигі Нұрлыхан Бекбосынов болатын, жүйелі аудандардың шеберлері болып Дәрмен Бекімов, Жалғасбай Самарханов секілді өз ісінің мамандары тағайындалды. Басқарма құрылған кезде төрт дана қосалқы станциясы мен он дана тарату пунктері арқылы (№ 1,2,3,4 қ/ст және ТП-11, 12, 21, 22, 31, 32, 33, 41, 42, 43) Өзен мұнайының электр қондырғыларын электр энергиясымен қамтамасыз етті.

Өзен кенішінде мұнай өндіруді тұрақты және сапалы электр қуатымен қамтамасыз етіп, бұл жұмыстарды үйлестіру үшін орталықтандырылған, қуатты өндірістік базасы бар арнайы мамандандырылған энергетикалық басқарма құру қажеттігі туындады. Ұйымдастыру жұмыстарын сол кездегі Өзенмұнайгаз бас энергетигі Дәрмен Бекімов бас маманы Әбіл Күзембаев, Мангышлакнефть өндірістік бірлестіктің бас энергетигі Қалабай Төлегенов жүргізді. Сол кездегі Қазақстан компартиясы Жаңаөзен қалалық комитетінің бірінші хатшысы Нұрлыхан Бекбосыновтың тікелей қатысуымен және “Мангышлакнефть” өндірістік бірлестігі басшыларының қолдауымен бұл жұмыстар өз шешімін тауып, 1980-жылдың қараша айының 6-шы жұлдызынан бастап жаңа “Өзенэнергомұнай” басқармасы құрылды, оның алғашқы басшысы болып Дәрмен Бекімов, бас инженері болып Әбіл Күзембаев тағайындалды.

Маңғыстау мұнайшыларына маңызы зор бұл уақиғаның өз тарихы бар еді. Сексенінші жылдардың басында Өзен кенішінде мұнай өндірудің өзіне тән қиыншылықтары болды. РП-6кВ санының аз болуына байланысты

әр 6кВ ұяшықтан өуе желілері арқылы 40-50 дана шыңырау қоректеніп тұрды. Бұл жағдай электр жүйелерінде апаттық ағытулары болған жағдайда көптеп шыңыраулардың тоқтауына әкеліп соқтырды. Сонымен қатар Өзен кенішінде сол кездегі Одақ бойынша бірінші болып жаңа технологиямен жер қабатына ыстық су айдау жұмыстары енгізіле бастады. Бұл технология орасан мол электр қуатын талап етті және Өзен жағдайында бұл көрсеткіш бір жылға 500-600 млн. квт. сағат мөлшеріне жетті.

Электр қуатымен мұнай өндірісін үздіксіз қамтамасыз ету тәрізді күрделі жұмыстар басқарманың құрылуымен бірден шешімін таппасы анық еді. Сол себепті өндірісті тиімді басқару үшін, басқарма бойынша үш өндірістік-технологиялық қызметтері және оны жедел басқаруға орталық өндірістік-технологиялық қызметі ұйымдастырылды.

ӨТҚ-1, 2 өндіріс аймақтарына қызмет көрсетсе

ӨТҚ-3 қаланың және орталық бу қазандарының электр жабдықтарына қызмет көрсетті.

1988-1995 жылдар аралығында ӨТҚ-4 қызметі құрылып, оның қызмет көрсету аймағы Ақтау қаласындағы облыстық аурухана болды.

Басқарманың өндірістік-шаруашылық жұмыстарын басқару және жоспарлауға арналған өкімшілік аппараты төмендегі құрамда болды.

1. - өндірістік-техникалық бөлімі,
2. - техника қауіпсіздігі бөлімі,
3. - электр қуатын есептеу бөлімі,
4. - еңбек бөлімі,
5. - есеп бөлімі,
6. - мамандар бөлімі,
7. - өкімшілік шаруашылық бөлімі.

1982-1997 жылдар аралығында мұнай кәсіпшілігін үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз ету мақсатында өндірісті жедел басқару мүмкіндігін арттыру үшін басқарма құрамынан жаңадан автоматізбек ашылды.

Бастапқы кезде құрамында екі дана “Робур” маркалы электролабораториясы және екі дана телевизшка автокөліктері болды. Содан кейін УУТТ-2 басқармасынан 40 дана автокөлікті арендаға алып, соңында автокөлік саны 90-ға жетті.

Басқарманың материалдық – техникалық базасын нығайту мақсатында жаңадан жөндеу базасы құрылып, оның ішіне жөндеу бригадалары орналастырылды.

Басқарма құрылғаннан кейін 1982-жылы қызмет көрсету базасы құрамында үйлестіру жұмыстарымен айналысатын арнайы мамандандырылған цех құрылды.

Сонымен қатар, басқарма мамандары жаңа технологияны өндіріске енгізуге белсене кірісті. 1982-жылы Германиядан сол заманға сәйкес жаңа екі дана “Робур” маркалы электролабораториясы алынып, іске жүргізілді және шыңырауларға жаңа маркадағы БГШ (блок глубинно штанговый) басқару блоктары орнатыла басталды.

Еңбек тәртібінің нығайтылуы өз нәтижелерін бере бастады. Тез арада ұжым жаңа жетістіктерге жетіп, жұмысшылар мен мамандардың өздеріне деген сенімділігі артты.

Мұнай кәсіпшілігінде эл.қуатын пайдалану, оны есепке алу және үнемді пайдалану келісім шарт арқылы жүргізілді, сондай-ақ “Электр қуатын пайдалану ережелері” басшылыққа алынды.

1980-жылдан бастап басқарманың басшысы қызметін Дәрмен Бекімов, 1995-жылдан Сабырғали Есбосынов, 2000-жылдан Келдіғұл Биманов, 2002 жылдан Ердеулет Шонтыбаев және Боранбай Өтебаев атқарды. 2004-жылдың сәуір айынан 2012-жылға дейін Қуанбек Биғалиев, 2012 жылдан осы кезге дейін Нарман Өтемісов атқарып келеді.

Басқарманың бас инженері қызметін 1993 жылдан Дәулет Өтебергенов, 1997 жылдан Келдіғұл Биманов, 2000-жылдан Әбіш



Басқармасына –

40 ЖЫЛ



Боранбаев, 2002-жылдан Қуанбек Биғалиев атқарды және 2004-жыл мамыр айынан 2013-жылға дейін Батырбай Наятов, 2013- жылдан Берекет Жұматов атқарып келеді.

Кәсіподақ басшысы болып 1980-1990 жылдар аралығында Гарифуллина Т, Сарбуфин А, Шваб, 1990-1999 жылдар Рахман Тілеуов, 1999 жылдан Дамира Нұрмұхамедова, Назгүл Ратова, Ардақ Қасқұлақов атқарды, және 2010-жылдан бастап Мұстафа Қаржаубаев атқарады.

Мұнай өндіру жоспарының көбеюіне байланысты электр қуатын пайдалану мөлшері көбейді. Жылдан – жылға бұрғылаудан соң жаңа шыңыраулар іске қосылуына байланысты, мұнай өндірісін сапалы электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін жаңа қосалқы станцияларын, тарату пункттерін және 6кВ өуе желілерін салу қажет болды.

Басқарма құрылғаннан кейін әр жылдары қ/ст "Разгрузочная", "2А", 6кВ тарату пункттері 53, 57, 17, 18, 24, 25, 45 пайдалануға берілді.

- 1986 жылы екі дана (РП-34А, 37)
- 1992 жылы бір дана (РП-56)
- 1993 жылы екі дана (РП-73, 56)
- 1996 жылы екі дана (РП-27, РП-3А3)

Орасан зор электр қуатын талап ететін мұнайды судан алдын ала айыру қондырғылары № 1,2 МСАААҚ 2000-2001 жылдары іске қосылуына байланысты оларға 6 кВ- ты жабық тарату қондырғылары салынды. Жылдан жылға аталған қондырғыларға келетін судың мөлшері көбейуіне байланысты 2007-2008 жылдары 6кВ электр қозғалтқыштарымен іске қосылатын сораптарды қоректендіру үшін, қосымша қазіргі заманның талабына сай микропроцессорлы реле қорғанысымен жабдықталған екі ЗРУ-6кВ іске қосылды.

2003 жылы «Өзенмұнайгаз» ААҚ басқарма шешімімен осы қоғамның мұнай кәсіпшіліктерін 2003-2007 ж аралығында эл.энергиясымен қамту сенімділігін арттыру мақсатында іс-шаралары бекітілді.

2003 жылы РП-46, тарату пункті іске қосылды. 2003 жылдың аяғында жаңадан элегаздық айырғыштармен жабдықталған 25мВА күштік трансформаторымен, 110/6-6 кВ «УПСВ-Плато» қосалқы станциясы, 2004 жылы ұзындығы 19 км 110 кВ өуе желісімен бірге 16мВА күштік трансформаторымен 110/6-6кВ «УПСВ-

Впадина» қосалқы станциясы салынып іске қосылды. Аталған қосалқы станциялардың іске қосылуы, «МБЭК» АҚ-ның қосалқы станцияларындағы жүктемені азайтуға, сонымен мұнай кәсіпшіліктерін электр энергиясымен қамтуда сенімділікті арттыруға септігін тигізді.

2005жылы төрт дана (РП-14, 19, 55, 30) тарату пункттері іске қосылды.

Бүгінгі таңға дейін шыңыраулар мен топтық қондырғыларға қазіргі уақыттың талабына сай БУШК-2М, ШУЭНГ басқару блоктары, электрқозғалтқыштарды қорғау мақсатында УЗЭД, УС-1 релелік қорғаныс блоктарын орнату жұмыстары жүргізілуде. Өуе желілерінің А маркалы сымдарын АС маркалы сымдарға ауыстыру, және кабель желілеріне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланып, іске асырылуда.

2004-жылы қуаты 10мВа болатын НСМ-3 нысанында 2 /екі/ күштік трансформаторы ауыстырылды.

«ӨМГ» ӨФ өндірістік аймағын эл.энергиясымен қамту сенімділігін арттыру мақсатында жасақталған бағдарламаға сәйкес, «Өзенэнергомұнай» басқармасына қарасты тарату пункттарындағы 6кВ майлы ажыратқыштардың орнына, әр жылдары 6кВ вакуумды ажыратқыштар орнатылды.

2009-жылы БКНС-6, 6А 6кВ өуе желілері ауыстырылса, БКНС-6, 6А, 10 нысандарына УБПВД блогы орнатылды. 2009-2010 жылдары БКНС-2А, 2В нысандарында ЗРУ-6кВ толығымен ауыстырылды.

2010-жылы, мұнай кен орнын тұрақты электрмен жабдықтау және электрмен қамту сенімділігін арттыру мақсатында «Разгрузочная» қосалқы станциясының түгелге жуық электр жабдықтары, РП-13 нысаны толықтай және де 6кВ тарату пунктіне (РП-11, 14, 25, БКНС-1, 6, 6А) баратын өуе желілері ауыстырылды.

Казіргі кезде басқармамызды білікті маман Болатбек Шөкібайұлы Рахмедов басқарып отыр. Ол өзінің шебер басшылығының арқасында басқарманың келелі табыстарға жетіп, белгіленген жоспарды артығымен орындауға өз үлесін қосуда. Өзінің қарамсағындағы жұмыскерлерге қатаң талап қоя білуінің арқасында мұнай өндірісін үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз ету жұмыстары айтарлықтай жақсы деңгейде

жүруде.

Жоғарыда айтылған "Өзен-энергомұнай" басқармасының қол жеткізген табыстарына еңбек ардагерлерінің қосқан үлесі мол. Солардың кейбіреулерін атап өтсек - Серік Шубаев, Үмбет Сарин, Роза Қонырбаева, Ермек Сисенова, Мәмбет Байбозов, Гүлшара Сақтағанова, Майра Беккужиева, Әбіш Боранбаев, Оңдаған Еділов, Сәбила Құлбалаева, Қуанышбай Әбенев, Зорбай Бердиев, Ықылас Сағынов, Мәткәрім Жантілеуов; Серік Қыдырғалиев, Аманжан Торғаев тағы басқалар.

Қазіргі кезде жоғарыда аты аталған ағалардың ізін басып ерен еңбектерімен көрініп жүрген Қалдыбай Жайылғанов, Түрікпенбай Қасмағанбетов, Сатиман Құдайбергенов, Мақсат Ізбасов, Иса Тұнықбаев, Орынбай Мадреймов, Арыстанбек Сүйінов, Мұратқали Тартубаев, Жомарт Әлқуатов, Қонақбай Қарашаев, Құдайберген Ермағанбетов, Сырлыбай Ерленов, Берекет Жұматов, Асқар Қартжанов, Ермбет Демеубаев, Жандос Өтепов, Ерболат Үрпеков, Тәженбай Әділов, Тимур Сисенов, Игорь Кориневский, Абуталы Ержанов, Сая Алхамова, Болат Сағынов сияқты өз ісінің мамандары еліміздің тәуелсіздігін нығайту жолында аянбай тер төгіп, ел ырысын еселей асыруға қызмет жасауда.

«Өзенэнергомұнай» басқармасы бойынша өкімшілік басқару қызметкерлерінің ішінде де ұзақ жылдар аянбай еңбек етіп өзінің жақсы жақтарымен көзге түсіп жүрген қызметкерлер бар. Оларды атап өтетін болсақ: есеп бөлімінің бастығы Нұраш Кокенова, аға есепші Надежда Козлова, есепшілер Хадиша Бабақұлова, Алмагүл Ізмағанбетова, Бағила Көшерова, персоналды басқару қызметінің жетекшісі Назгүл Ратовалар.

Құрметті әрептестер, бүгінгі басқармамыздың 40-жылдық мерейтойымен барлығыңызды құттықтаймын. Сонымен қатар сіздерге мықты ден саулық, қажымас қайрат тілеймін. Жұмыста табысты болып бақытты өмір сүре берулеріңізге тілектеспін.

Нұрлан Бекжанов,
«Өзенэнергомұнай» басқармасы № 3
ӨЭҚ-нің Еңбекті қорғау және қауіпсіздік
техникасы инженері



ЖЫР ШАШУ

Өкініше сен

Жан серігім өкінбе, өкінбе сен,
Алла жазған ақындық үкімге сен.
Айықпаспын мен бәлкім сырқатымнан,
Ақындық ақ ниетпен күтінбесем.

Қол ұстасып дайын тұр қиындыққа,
Өлең деген өнерге бекінде сен.
Жылынарсың, тоңарсың, ашығарсың,
Жайлы, жайсыз өлеңнің өтінде сен.

Артық дәулет болмайды ақындарда,
Білмеймін, көңілің мұны мақұлдарма.
Жаның таза жар болсаң жылынармыз,
Өшпес, бітпес өлеңдей отын барда.

Асып-тасып жатпасың бұл жалғанда,
Жақпайсың кейбір дос пен жақындарға.
Азық берем өлеңмен келгендерге,
Басқа менің болуға хақым барма?

Білемін, қызық көрер жас уағың,
Уақытша қиындық жасымағын.
Сен қиналсаң балалар қиналады,
Мен білдірмей ішімде жасырамын.

«Қиналдым» деп өнерді тастамаймын,
Құмарлана қайтадан бас ұрамын.
Табаласа дұшпандар табаласын,
Жасымаймын, мен өлі тасынамын.

Арғын Бисенов,
«Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкері

Қазақ міні

Халқымның даналығы, құдіреті,
Тілімен өлшенеді қасиеті.
Ананың ақ сүтімен даритұғын,
Ұрпағы мақтан етер, басын иіп.

Адамның ар-ожданы, парасаты,
Мақтансаң өз тіліңде жарасымды.
Бабалар мұра етіп тастап кетті,
Жырларды, шежірені, дастандарды.

Әр адам өз тілінде өркендейді,
Жетектеп мұратына жетелейтін.
Өз тілің - жаның, сәнің, кес-келбетің,
Ең таза, әдемі тіл жер бетінде.

Қазынаң, бойыңдағы бар байлығың,
Тұмар ғып тағып жүрер мойыныңа.
Қастерлеп ана тілін дәріптейік,
Қазақтың қаны болса бойыңызда.

Обал-сауап

Бұл өмірде бәрімізде мықтымыз,
Көтеріп ап, көкіректің құр туын.
Алла алдында жауап берер сол күні,
Көкіректің керегі жоқ көк тиын.

Бұл жалғанда қайырлмаймыз көктеніп,
Ойлайтыны тек дүние көптігі.
Алла алдында жауап берер сол күні,
Көмектеспес дүниеңнің көптігі.

Бұл өмірде ойламаймыз ұрпақты,
Жеңіл өмір, атақ керек мансаппен.
Алла алдында жауап берер сол күні,
Таразыға тұрар сауап көптігің.

Бағаламай шаңырақтың шаттығын,
Жауапсыздық Азаматқа жат қылық.
Алла алдында жауап берер сол күні,
Сұралады сол жарыңның ақысын.

Ата-анаңды ойламассың тірлікте,
Қуантпайсың қамын ойлап бірліктің.
Алла алдында жауап берер сол күні,
Бәрі кешін түсінерсің опының...

Тіршілікте ойламайсың арыңды,
Қадірлемей қолыңдағы барыңды.
Алла алдында жауап берер сол күні,
Обал-сауап сұралады бәрінің.

Айлам бар деп айландыра алдайсың,
Құр сөзбенен сендіресің арбайсың. Алла
алдында жауап берер сол күні, Амал бер?
деп кімнен қарыз сұрайсың.

Өз өзіңді керіммін деп мақтайсың,
Жетістіктің не екенін ұқпайсың.
Алла алдында жауап берер сол күні,
Қандай істі мақтанышпен айтпақсың.


Күзгі жапырақ

Күзде келді сары алтындай жарқырап,
Қимай жазды мұңайады жапырақ.
Тербетіліп желмен өлде жауынмен,
Тоңды ма екен өлде қорқып қалтырап.
Мұңаймашы, жыламашы жапырақ,
Келер көктем өлі талай қайталап.
Тамырыңды тереңдерге бойлатып,
Биіктеші, Жер Анадан қуат ап.
Мұңаймашы, жыламашы жапырақ,
Суықтардан қорықпашы тосырқап.
Ол да саған өмір заңын үйретер,
Бірде күліп, бірде қатты осып ап.
Мұңаймашы, жыламашы жапырақ,
Келер көктем өлі талай қайталап.
Тамырыңды тереңдерге бойлатып,
Биіктеші, Жер Анадан қуат ап.
Өсіп-өнші, биіктеші жапырақ,
Табиғаттың бар мінезін қабылдап.
Кездесейік келер жылғы көктемде,
Саяңда бір сырымды айтам аялдап.
Мұңаймашы, жыламашы жапырақ,
Келер көктем өлі талай қайталап.
Тамырыңды тереңдерге бойлатып,
Биіктеші Жер Анадан қуат ап.

Рамила Ғимранқызы,
№3 МГӨБ қызметкері



Қызы Мәлдірмен



КІТАП – АДАМДЫ ӨЗГЕРТЕДІ

Василий Шукшиннің «Қаскүнем»,
«Қайырусыз Алеша», «Генерал Мала-
фейкин», «Бетендер» атты еңгімелерін
оқуға кеңес береміз.

«Қаскүнем» еңгімесінде адамды
адамдықтан айырып, айуанның дең-
гейіне түсірген Ресей империясының
бүкіл болмыс-бітімі сайрап көрініп тұр.
«Қайырусыз Алеша» еңгімесін оқып
отырып, адам баласының қырық құлаш
зынданның түбінде жатып та еркін, азат
болуға болатынын, алтын тақта отырып
та құл болуға болатынын түсінесің.
«Генерал Малафейкин» еңгімесінде
құлдық сезімі бар пенделер туралы
суреттеледі. Еңгіме кейіпкерінің тыюсыз
бастық болсам, адамдарды аямай
жазаласам деген арманы мен аңсары
оның құлдық системада өскендігінен
туындап отыр. «Бетендер» еңгімесінің
кейіпкері маскүнемдік, ақша шашу мен
қызойнақтың соңына түседі. Бұл еңгімені
оқыған оқырман ойында «Орыс халық
па, әлде тағдыр төлкегімен бір жерге
жиналған тобыр ма?» деген сұрақ
туындайды...

Түрік нәсілінен кетіп Ресейдің бағын
асырған ұлдар аз ба? Талантты жа-
зушы Василий Шукшин соның бірі өрі
бірегейі... Оқыңыз, өкінбейсіз!



Мына қырсықты қарасаңызшы... Дәл жаңа жыл қарсаңында Әлия ауырып, ауруханаға түсіп қалды. Анау-мынау емес соқырішек. Алмаға шүкір, жас хирург Саматтың айтуынша операция сәтті өткен көрінеді. Күнде таңертең палаталарды аралап, науқастардың қал-жағдайымен танысатын ол Әлияға қиыла қарап, кеше тіпті керуеттің жанындағы орындыққа тізе бүгіп отырып алды.

Шынын айту керек, дәрігер Әлияға да бірден ұнап қалды. Күнде таңертең оны дегбірсіздене күтетін болды. Қасында

Ал енді палатаның бұрышында жатқан шүйкедей кемпірдің шалы да көрші палатада жатыр. Кемпірі болғасын осында жиі-жиі бас сұғып, көйітіп еңгіме айтып кетеді. Бүкір шал билікті сынап, күңкілдейді де отырады. Арасында орысшалап «Не хорошо!» деп қоятынын қайтерсің... Екі сөзінің бірі «бардак»! Қазіргі психологтардың тілімен айтқанда

жүретін заржақ адамдардың көбейіп кеткеніне қарап таң қалып жүр.

Кемпірінің көлеңкесі сияқты еріп жүретін бүкір шал да палатада отыр екен. «Қазіргі заманда адамға сену өте қиын. Мейірім жоғалды... быды-быды»-деген оның еңгімесін ары қарай тыңдағысы келмеді. Құлаққап киіп, Маргарет Митчеллдің бір деммен

Ауруханада өткен ЖАҢА ЖЫЛ



отыра бергісі келеді. Сөйлесе бергісі келеді. Еңгімесін тыңдап отырғысы келеді.

Жаңа жыл жақындаған сайын ауруханада абыр-сабыр көбейіп кетті. Уақыттың қауырттығына қарамастан әкесі де, анасы да, аға-жеңгесі де, апасы мен сіңлісі де тәтті-жұмсақтарымен келіп, қасында отырып кетеді. Шешесі тіпті Саматты құшақтап алғысын жаудырып кетті. Апайлап шулап сыныбының оқушылары келді. Қолдарында бір пакет мандарин мен ананастары бар. Әлия мандаринді қасындағы адамдарға үлестіріп берді.

Аурухананың шағын ғана палатасында бұлар 4 адам болып жатыр. Дәл қасында жатқан, зыпылдап тез сөйлейтін Зейнеп деген қарасұр келіншек қаладағы қайырымдылық қор жетекшісі болып шықты.

«Құдай сақтасын науқас баласына ақша сұраған аналар көп. Қазір неше түрлі ауру көп, шипасын іздеп сансыраған жұрт. Көңілге қаяу түсіреді»-дейді ол күрсініп.

Елуді еңсеріп қалған Алма атты жесір келіншек артынан бірде бір рет іздеп келмеген қыз бен ұлды қайырсыз қылып өсіргенін айтып налиды. Өзінің бар ермегі күн демей, түн демей жіппен бірдеңе тоқу. Шаршамайды. Біресе қызыл жіппен тоқып отырса, енді бірде жасыл жіппен бірдеңе тоқып отырады...Сөзге көп араласа бермейді.

«шалдың бойы тұнып тұрған негатив». «Біздің міліса тек пара алуды біледі. Ұрылармен ауыз жаласады...бизнес жүрген жерде мафия жүреді, ақша адамды әр түрлі күйге түсіріп жүр...»-деген еңгімелерден қайда қашып құтыларыңды білмей дәлізге шықсаң, аузына тыным жоқ еден сыпырушыға тап боласың. Радио ма дерсің?! Бәрін білуге әуес...Кейін білді, азаматы мен баласы жол апатынан қайтыс болған екен. Бірде асханада отырғанда қасына келіп шай ішті. Келіншек мұңайып өзінің қартайғаныңды, пайдасыздығыңды сезіну қиын екендігін айтып, жастық шақтың гүлдей солып, жылдардың балмұздақтай еріп бара жатқанына қынжылыс білдірді.

Әлия ауруханада жатып адамдардың тым қарабайыр өмір сүретінін білді. Жас мұғалима палатадағы адамдардың бостекі еңгімелерінен шаршап кетеді. Дәлізде біраз жүріп ішке кіріп еді, палатадағы 2 қатын енді ыдыс-аяқ тақырыбына ауысыпты. Бұрын жұмыста жүріп мән бермеген екен, ауруханада жатып қайғы-мұңнан қала тұрғызып алып

оқылатын «Унесенные ветром» кітабына үңілді.

«Адам қартайғанда торға түседі екен. Жылдар жылы жаққа ұшқан құстай ұшып кетті. Қазіргі жастар ақылыңды тыңдамайды. Жақсылы-жаманды өмір сүрдік, тәжірибе, ақыл жинадық. Ақыл төгілейін деп-ақ тұр. Тыңдайтын құлақ жоқ! Әттеген-ай!-деп күрсінген шал Әлияға тесіле қарап үнсіз қалды...

Терезе алдындағы хирург жігіт әкелген әдемі гүлге көзі түскен бақытты бойжеткен өз-өзінен күлімсіреп, қиялға беріліп отыр...

Достары мен әріптестері жаңа жылды ауруханада өткізетін Әлияды аяп, екінші білдіріп жатты. Тек бойжеткен бұған титтей де қиналып тұрған жоқ. Бұл күні Самат өзі үшін түнгі кезекшілікке сұранғанын жақсы білетін бақытты қыз үнемі қарғанып жүретін, жарық дүниеге өкпелі шал мен кемпірді қатты құшақтап, беттерінен сүйіп-сүйіп алғысы-ақ келіп кетті...

Бибігүл Бөбекбай



60

Ардақты Жарыласын Жұмабекұлы!

Сізді асқаралы 60 жасыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, мықты денсаулық, амандық, береке тілейміз. Біз Өзіңізді кісілігі мен кішілігі қатар жүретін ардақты азамат ретінде құрмет тұтамыз. Өзен кенорнының дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген Сіздің еңбек жолыңыз жас мамандарға үлгі-өнеге.

Әріптестеріңіз бен басшылар Сізді өмірден тоқығаны мол, кең ойлап, қамқор қолын ұсынып жүретін аяулы азамат, білікті маман ретінде жақсы біледі, мықты маман ретінде бағалайды. Аман жүріңіз, 100 жасаңыз, еңбекқор жан! Мерекеніз берекеге жалғаса берсін!



Қындатты Шван Османұлы!

Сізді 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Сіз 1978-жылдан бері Өзен кенорнының дамуы, өсіп-өркендеуі жолында тер төгіп, ел экономикасының нығаюына өлшеусіз үлес қосып келесіз. Бүгінде Технологиялық транспорт басқармасында бақылау-өткізу пунктiнiң механигi болып жемiстi еңбек етiп жүрген Өзiңiздi әрiптестерiңiз мықты маман ретiнде сыйлайды. Құрмет тұтады.

Қазан мен шаңырақты қазақ қасиеттi деп санаған. Қазан-ырыстың алды. Қара шаңырақ-бiрлiктiң басы. Қазаныңнан бұлкiл кетпесiн, қара шаңырағың аман болсын!

Тура 60 жасты ерттеп мiнiп тұрған Сiзге мықты денсаулық, отбасыңызға амандық, ел игiлiгi үшiн атқарып жүрген қызметiңiзге табыс тiлеймiз. Жағыңыз түспей, жамандық көрмеңiз! Үбiрлi-шүбiрлi болып, 100 жасаңыз, қадiрлi әрiптес!



Құрметті Асқар Елубайұлы!

Сізді «ердің жасы» 50 жасқа толған туған күн мерекенізбен шын жүректен құттықтаймыз. Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, ел игілігі үшін атқарып жүрген қызметіңізге табыс тілейміз. Өміріңіздің тағы бір жылы жақсылықтар мен қуаныштар еселенетін, армандар мен мақсаттар орындалатын жыл болсын!

Қызметіңізде биік белестерге жетіп, еңбегіңіздің жемісін көріңіз. Абыройыңыз асқақтап, мерейіңіз үстем болсын. Үбірлі-шүбірлі болып, ұрпаңызбен мың жасаңыз, қадірлі әріптес!



Игі тілекпен, №5 СҚКБ ұжымы

Игі тілекпен, ТБ еңбек ұжымы

ЕСКЕ АЛУ

Тумақ-сүннет, өлмек-парыз. Дана қазақтың «ажал айтып келмейді» деген сөзі дәл айтылған. «Ақылды қария-ағып тұрған дария» демекші, інілері мен ұл-қыздарына ақылын айтып, қамқоршы болып жүрген, балдай тәтті немерелерінің аяулы атасы Боранбай ағамыздың 92 жасында фәнидегі өмірдегі мәресіне жетіп, бақи дәурені басталды.

Ардақты ағамыз 1929-жылы Атырау (бұрынғы Гурьев) облысына қарасты Мұнайлы елдімекенінде қарапайым мұнайшы отбасында дүниеге келді. Өткен ғасырдағы аштық пен жалаңаштық қаршадай баланы ерте есейтті. 1943-жылы 14 жасар намысты бозбала «қасық қаным қалғанша елімді жаудан қорғағым келеді» деп әскери комиссариатқа барып өзінің тілегін жеткізді. Соғысқа жіберуге жасы жетпеген Боранбайды отбасының үлкені болғандықтан ФЗО-ға қабылдап, оны бітірген соң Мақат ауданына қарасты «Комсомольский» мұнай кәсіпшілігінің автогараж бөлімшесіне жұмысқа орналасады. Еңбекқор жігіт жұмысқа деген адалдығы мен алғырлығының арқасында 27 жасында гараж меңгерушісі лауазымына дейін өседі. Жұмыс десе жанып тұрған жігерлі жас маман «ұйқыдағы ару» атанған Маңғыстауда 60-жылдары бұрғылау жұмыстары жүргізіліп, мұнай-газ кенорны бары анықталған соң «қара алтынды» игеру мақсатында 1964-жылы ашылған «Маңғышлақ мұнай бірлестігіне» қарасты «Өзен мұнай басқармасына» Өзен кенорнын игеруші және қала іргетасын қалаушы Рахмет Өтесіновтің шақыру хатымен алғашқылардың бірі болып келеді. Ол кезде Жаңаөзен қаласы «Газгородок» деп аталатын-ды. Сол жылдары «Трактор» мекемесі деп аталған, кейін №3 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасы болып өзгерген мекемеге бас инженер болып қабылданып, зейнеткерлікке шыққанға дейін акционерлік қоғамға қарасты мекемелерде әр түрлі жауапты қызметтерді абыроймен атқарып, басшылық пен әріптестер сый-құрметіне ие болды.



Боранбай Ұлы Отан соғысы кезіндегі тылдағы ерен еңбегі үшін бірнеше орден, медальдармен марапатталды. Сүйікті жеңгеміз Ағиямен тату-тәтті тіршілік етіп, өмірге Қайрат, Алтынай, Айнаш, Айнагүл атты ұлықты ұл, қылықты қыздарды әкелді. Оларды тәрбиелеп, заман талабына сай білім алып берді. Қазіргі таңда Қайраты мен Алтынай әке жолын қуып, мұнай саласында жемісті еңбек етіп жүр. Айнаш пен Айнагүл ана жолын қуып, ұстаздық мамандығын таңдады. Бүгінде Айнаш облыс орталығы Ақтау қаласында жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып жүрген жайы бар. Өкінішке орай, Айнагүл 2014-жылы өмірден озды. Алланың бұйрығына не шара?!

Халқымызда «өзекті жанға бір өлім» деген сөз бар. Өлшеніп берген өмір бар, ағаш кесіндісіндей ғұмыр бар. Ағамдай асыл азаматтың өмір жолы кейінгі ұрпаққа үлгі болмақ. Ісімен, өнегесімен үлгі болған Сіздің жарқын бейнеңіз біздің жүрегімізде әрдайым сақталады.

«Жақсы адам өлсе, дүние кеміп қалады» демекші, өзіңізсіз мына дүние кеміп қалды, аға!

Бауырымды еске ала отырып, жатқан жері жайлы, жаны жәннатта, иманы жолдасы болсын, топырақ жасын ұл-қыздарына берсін, артта қалған үрім-бұтақтарын желеп-жебей жатқай, бақилық ғұмырында алдынан жұмақтың есігі ашылсын деп дұға етемін.

Өзiңдi сағына еске алушы, iнi Молдабай

ҚАЗАНАМА

Мұнай өнеркәсібі құралдарын және технологиялық коммуникацияларды жөндеу басқармасы директоры, ардақты аға, білікті басшы бола жүріп, мұнай саласында көп жылдар еңселі еңбек еткен Нұрлан Көшкімбаев Абылайұлы өмірден озып, ақтық сапарға аттанды.

Нұрлан бауырымыз тірлігінде талай қиын-қыстау кезеңдерде компанияның тығырықтан шығуына өз үлесін қосқан жан деп толықтай айта аламыз. Ол өндірісті өркендетуде қырық жылға таяу тынымсыз қызмет етті.

Аз ғұмырында айналасына адами қасиеттерін көп көрсеткен, марқұм Абылайұлына жатқан жерің жарық болғай, жаратқан ие жұмақтан орын бергей, жасаған жақсылықтарың алдыңнан табылып, алдың өзіңе, артың отбасыңа қайырлы болғай деп тілек тілеп, дұға қыламыз.

Артында аяулы жары, үш-ұл, екі-қызы, немерелері қалды. «Ажал айтып келмейді»-деген осы! Жер басқан, жұмыр басты пенденің «Келуі бар да, кетуі хақ». Ендеше, «өлгеннің артынан өлмек жоқ» демекші, артында қалған отбасы, тумаластарына қайғыларына ортақтаса отырып көңіл айтамыз.

Бақұл бол арда азамат, иманың жолдасың болып, құдай тағала өзіңді пейіштің нұрына бөлегей!

«Өзенмұнайгаз» АҚ еңбек ұжымы

